

**6D060700-«Биология» мамандығы бойынша  
философия докторы дарежесін (PhD) алу үшін дайындалған  
Тапешова Шаттық Жанібекқызының  
«Ақінген кен орны пласт сулары микроорганизмдерінің биологиялық  
қасиеттері және мұнайсұйылту потенциалы» тақырыбындағы  
диссертациялық жұмысына**

**ПІКІР**

Қазақстан қазіргі уақытта мұнай шығарудың соңғы сатысын бастаң өткөруде. Қазақстандағы кен орындарының көпшілігі төмен өткізгіштігімен, мұнайдың жоғары тұтқырлығымен және күрделі геологиялық құрылышымен сипатталады, яғни олардың қорлары қызын алынатын санатқа жатады.

Қазіргі уақытта бүкіл әлемде мұнай өнімдерін тұтыну өсуде және кен орындарындағы мұнайдың 40% -ға дейін алуға мүмкіндік беретін заманауи, өнеркәсіптік-игерілген әдістермен мұнай алу қанағаттанарлықсыз деп есептеледі. Осыған байланысты өндөліп жатқан пласттардың мұнай шығаруын жоғарлататын мұнай өндірудің жаңа технологияларын қолдану міндеттері өзекті болып табылады, олардан мұнайдың қалдық қорларын алу мүмкін емес. Осындағы әдістердің бірі микробиологиялық әдіс болып табылады. Мұнай шығаруды жоғарылатудың (МШЖ) микробиологиялық әдістері қазіргі уақытта өзекті, өйткені олар кен орындарын игерудің соңғы сатыларында қалдық мұнайды тиімді алуға мүмкіндік бере отырып, пласттарға әсер етудің полифункционалдық қасиеттеріне ие, коршаған орта үшін қауіпсіз, оның ішінде микроорганизмдер тікелей мұнай пласттарында биохимиялық белсенділікті көбейтуге және күшетуге қабілетті.

Тапешова Шаттық Жанібекқызының зерттеулерінің жаңалығы алғашкы рет Ақінген кен орны пласт суларына физика – химиялық және микробиологиялық сипаттама берілді. Мұнай шығаруды жоғарлату әдістерін даярлау үшін мұнайсұйылту және мұнайығыстыру қасиеттері жоғары перспективті микроорганизмдер ассоциациялары құрастырылды.

Тапешова Шаттық Жанібекқызының диссертациялық жұмысы толық аяқталған, логикалық құрылымдалған ғылыми жұмыс. Ғылыми зерттеу барысында алынған нәтижелер әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «6M070100-Биотехнология» мамандығының «Экосистеманы қалпына келтірудің микробтың өнімдері және препараттар / Микробные препараты и продукты восстановления экосистем» пәнінің оқу мазмұнына енгізілді.

Бөлініп алынған бактериялардың биосурфактант өнімдерін (рамнолипид, сурфактин, лихенизин) түзуге қатысатын *lchAA*, *rhlA*, *srfA* гендерін анықтау тәжірибелері Белосток университетінің микробиология кафедрасының зертханасында (Белосток қ., Польша) ізденушінің жеке қатысуымен жүргізілді.

Жұмыстың негізгі қағидалары толық жарияланымдарда көрсетілген. Диссертацияның мазмұны өтінім берілген ғылыми мамандыққа толық сәйкес

келеді. Диссертацияның негізгі құрамы басылып шығарылған 9 ғылыми еңбекте көрсетілген, оның ішінде 3 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған отандық мерзімді журналдарда; 1 мақала Scopus дереккөр қорына енетін жоғары деңгейдегі ғылыми журналда; 4 тезис отандық халықаралық конференция материалдарында; 1 мақала шетелдік халықаралық конференция материалдарында жарияланды.

Тапешова Шаттықтың диссертациялық жұмысты орындау барысында өзін білікті маман ретінде көрсетті, зерттеу тақырыбы бойынша әдеби деректерге талдау жасауда, жұмыстың мақсат міндеттерін анықтауда, барлық ғылыми тәжірибелерді орындауға мүқияттылық, ұқыптылық танытты, алынған зерттеу нәтижелерін жүйелілікпен талдай білді.

Тапешова Шаттықтың «Ақінген кен орны пласт сулары микроорганизмдерінің биологиялық қасиеттері және мұнайсұйылту потенциалы» тақырыбында жазылған диссертацияның дербестігі айқындалған, жоғары ғылыми – әдістемелік деңгейде орындалған, ғылыми жағалығы мен практикалық маңызы бар, аяқталған жұмыс болып табылады және жұмыстың авторы 6D060700-«Биология» мамандығы бойынша философия докторы дарежесін (PhD) алуға лайықты деп санаймын.

Отандық ғылыми жетекші,  
биотехнология каф. доценті, б.ғ.к.

*Кайырманова Г. К.*

Кайырманова Г. К.

